

**Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2000 жылғы 29 қаңтардағы N 6 " Ақпараттық қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2005 жылғы 25 тамыздағы N 230 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 26 тамызда тіркелді. Тіркеу N 3815. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2007 жылғы 24 тамыздағы N 239 Бұйрығымен

*Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2007.08.24. N 239 Бұйрығымен.*

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі комитетіне ведомстволық бағынысты республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың ақпараттық қызмет көрсету жөніндегі қызметін жетілдіру мақсатында

**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. "Ақпараттық қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2000 жылғы 29 қаңтардағы N 6 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1035 тіркелген, Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2001 жылғы 6 желтоқсандағы N 143, 2002 жылғы 23 тамыздағы N 125 , 2004 жылғы 19 наурыздағы N 69 , 2004 жылғы 17 мамырдағы N 136 , 2004 жылғы 7 қыркүйектегі N 256 бұйрықтарымен енгізілген өзгерістермен) бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Тіркеу қызметі комитетінің Жылжымайтын мүлік жөніндегі орталықтың Ақпараттық қызмет көрсету ережесіне:

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Тіркеуші орган арызданушының сұрау салуы негізінде оған тіркелген жылжымайтын мүлікке құқықтар және онымен жасалатын мәмілелер туралы оның жазбаша сұрауы келіп түскен сәттен бастап, осы ережелердің 16 тармағының 1) және 2) тармақшаларын қоспағанда, 1 жұмыс күні ішінде жазбаша түрде ақпараттар беруге міндетті.

Осы ережелердің 16 тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген жылжымайтын мүлікке құқықтар және онымен жасалатын мәмілелер туралы

ақпарат арызданушының жазбаша сұрауы келіп түскен сәттен бастап 5 жұмыс күні ішінде беріледі."

2. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Министр*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ